

Сонымен қатар, бұл заңға бағынбайтын сөздерді де кездестіреміз. Мысалы: әлмисақ-әлімсақ, ахирет-ақырет, ғаділ, ғарік,

Сол кездегі қоғамның айнасы болып табылған, халықтың жан-жақты өмірінен хабар беріп тұрған газет материалдарына қарап, ол дәуірдегі өз тіліміздің хал-жағдайын білуге болады. Бірқатар кірме сөздердің құрамындағы қазақ тіліне жат кейбір араб дыбыстары тіліміздің ала-құлалығының көбеюіне күшті әсерін тигізген. Алайда уақыт өте келе осы дыбыстардың көбі тіліміздің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес өзінің алғашқы бейнесін өзгертіп айтылатын болған.

1. Аханов Х. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп. – 1978. – 492 б.

2. «Дала уәлаятының газеті». – Алматы: Ғылым. – 1989. – 655 б.
3. «Дала уәлаятының газеті». – Алматы: Ғылым. – 1990. – 575 б.
4. «Дала уәлаятының газеті». – Алматы: Ғылым. – 575 б.
5. «Түркістан уәлаятының газеті». – Алматы: Ғылым. – 2003. – 598 б.

\*\*\*

В статье рассматриваются некоторые особенности фонетических изменений арабских заимствований по материалам газет «Дала уәлаятының газеті» и «Түркістан уәлаятының газеті».

\*\*\*

This article considers some features of phonetic changes of Arabian borrowed words under newspapers Dala ualayatyнын gazeti and Turkistan ualayatyнын gazeti.

### Қо Кенг Ми

## Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ИДЕЯ КӨРІНІСІ

Өзін әдебиетте шағын әңгіме жанрындағы шеберлігімен таныта білген Ж.Аймауытовтың «Елес», «Жол үстінде», «Әнші», «Жапырақтар», «Қара бақсы» т.б. әңгімелерінен кейінгі күрделі шығармалары «Қартқожа», «Ақ білек», «Күні-кейдің жазығы» романдары. Егер аңдап қарар болсақ, олардың қай-қайсында да азаттық идеяның көрінісін тану қиын емес. Олардағы оқиға өрбуінің тынысы адам еркіндігінің болмысы мен тығыз байланысты болып келеді. Енді оларды жеке-жеке алып қарастырып көрелік.

Жазушы «Қартқожа» романында XIX ғасырдың соңында дүние келіп, XX ғасыр басында еңбекке араласып, кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңіндегі жаңа құрылысқа белсене атсалысқан қарапайым адамның бейнесін сомдайды. Мұндағы мақсат — қоғамдағы өзгерістерді қатардағы адамның көзқарасы, қабылдауы арқылы көрсету. Сол арқылы оның еркін қоғам құруға деген ұмтылысының сырын ашу. Әдебиетші ғалым Д. Ысқақұлы бұл роман туралы: «Шығарманың көркемдік-идеялық қыртыстары қалың» [1, 129 б.], – десе, соның бір астары азаттық идеясын көтеруде жатыр

«Қартқожа» — реалистік шығарма. Оқиғаның дамуы өмір шындығынан бастау алып жатады. Бір кезде молда алдында отырған

бұйығы қара бала өсе келе, сол кездегі Қазақ қоғамында болған тарихи оқиғаларға араласып, ерекше көзге түспесе де, көрген-білгенінен өзінше ой түйеді. Бұл оның азамат ретінде қалыптасуына әсер етеді. Бала күндегі жетімдік, мәнсіз молда оқуы, 1916 жылғы көтеріліске қатысу, солдатқа алыну, жаңа оқудың есігін ашып ұстаз болу — міне, Қартқожа өткен өмір жолы осы. Оның әрбір кезеңінде ешбір ерекшелігімен көзге түспейтін кейіпкерін автор бір ғана жылт еткен іс-әрекет, мінез-құлық құбылысы арқылы даралап отырады. Сол арқылы оның өзіне ғана тән болмысы танылып-ақ қалады. Мәселен, молда алдынан сабақ алып жүрген көп балалар арасында Қартқожа еш ерекшеленбейді, қайта солардың көбінен төмен сияқты, бірақ оны сүйкімді ететін — момын баланың оқуға деген құштарлығы. Оқуға деген құштарлық еркіндікке деген ұмтылысқа жол ашады.

1916 жылғы, солдатқа алынуы, ондағы әскер өмірі балаң бозбаланы шынықтыра түседі. Ол енді ақ-қараны айырар дәрежеге жетеді. Елге келіп, сол баяғы күй тағы алдынан шыққанда, әділетсіздікке қарсы күресуге әрекет жасайды. Біз бұдан әділдік жолындағы күреске дайын азаматты көреміз. Оқу оқып, білім алған Қартқожа күрес жолына шығады, әлді мен

әлсіздің, бай мен кедей күресінің тұсында екінші жақтың жақтасына айналады. Оның өмірден түйген, таныған шындығы осы. Бір кездегі момын Қартқожаны таптық күреске араластырған өмір тәжірибесі. Автордың өз кейіпкерін осынау жолға ұзақ дайындықпен әкелу нанымды да дәлелді шыққан.

Қартқожаның оқуға деген құштарлығын арттыруда, азамат болып қалыптасуында оқыған жас Жүністің елеулі орны бар. Солдатта жүріп дос болған Андрейдің де оның саяси көзқарасының қалыптасуындағы еңбегі аз емес.

Жалпы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы — революция тұсындағы Қазақ қоғамының шындығын бас кейіпкердің өмір жолы арқылы жан-жақты бейнелеген үлкен шығарма.

Жүсіпбек Аймауытовтың прозадағы үлкен табысы — «Ақбілек» романы. Автор Қазақ қызының тағдыры арқылы дәуірдің озбырлық бейнесін ашады. Оны сол тағдыр қасіретінен құтқарған, азаттыққа қолын жеткізген жаңа өмір салты екендігі романда айрықша сипатталған. Қазақ ұлтының тәрбиелік, салт-дәстүрлік ұғымтанымы тұрғысынан алғанда, романның бас кейіпкері Ақбілек тап болған жайт адам төзгісіз қасірет. Ақтардың қолына түсіп, орыс әскерлерінің қорлығына ұшырап, ауылына оралу — күнәсіз да пәк қыз үшін өте ауыр масқара іс. Міне, осы сәттегі Ақбілектің іштен тынуын, өзімен-өзі арпалысын, шешімге келуін автор психологиялық талдау арқылды ашады.

Ақбілек — негізінен өз азаттығы жолындағы күрескер бейне. Бұған жазушы өз кейіпкері — осынау қарапайым қазақ қызының бойына өзіне ғана бірнеше қасиеттерді тоғыстыру арқылы қол жеткізеді. Ақбілектің ерекше қасиеті — сезімталдығы. Оны көп қиындықтан құтқарған да осы сезімталдық. Ол ең алдымен, Қарамұрт офицермен қарым-қатынасы кезінде анық сезіледі. Екіншіден, Ақбілек батыл да шешімшіл қыз. Оны атып кетуге бекінген Қарамұрттың оғынан құтқарған да осы батылдық. Қабағы қату орыс офицері қыз жанарынан осыны ұқты, ұқты да өлімге қимады, ата алмады. Ақбілектің бұл қасиетін жазушы оның қараңғы түндегі қамаған қасқырмен арпалысынан да аңғартады. Кейіпкердің қорқынышын ақылға жеңдірген де осы батылдық болатын.

Ақбілек тағдырының тауқыметі мұнымен бітпейді. Оны алда ауыр қорлық күтіп тұр еді. Әкесі Мамырбайдың қатал мінезі, өгей шеше Өріктің өсек-аяңы, айттырған жігіті Бекболаттың суынуы — Ақбілек үшін өмір сыны болады. Осынау қорлық пен мазаққа Ақбілекті

шыдатқан қандай күш?! Ол — Ақбілек бойындағы үшінші қасиет — төзімділік. Жаны нәзік қыз болғанымен, Ақбілек керемет қайсар. Ал жоғарыда аталған қасиеттердің бәрі де азаттық аңсаған ару үшін аса қажет-ақ. Осы қасиеттер арқылы Ақбілек — өз тағдыры үшін күресе алатын күрескер қыз деңгейіне көтеріледі. Ол батыл шешім жасайды. Қалаға оқуға аттанады.

Арада бес жыл өткеннен кейінгі Ақбілек мүлде бөлек жан! Енді білімді адамды көреміз. Ол жанын түсінетін Балташты кездестіреді. Ұлы Ескендірмен табысады. Бұл — өз тағдыры үшін күрестің жемісі.

Романда кейде шығарма соңына дейін бірге жүретін, кейде белгілі бір сюжетке ғана қатысатын Қарамұрт, Бекболат, Мамырбай, Өрік, Ақбала, Балташ, Мұқаш тәрізді кейіпкерлер бар. Бұлардың әрқайсысына тән айнытпай ажыратылатын кескіні, сөз саптасы, қимыл-қозғалысы, өзіне ғана тән мінез-құлқы бар. Бұл кейіпкерлер туралы аймауытовтанушы ғалым Р. Тұрысбек: «Романда жекеленген бейнелердің монологтары, өмірдегі мұраты мен міндеттері айқын бейленген» [2, 61 б.], — деген түйін жасайды.

«Ақбілек» романы — Қазақ халқының ұлы өзгерістер тұсындағы қасірет — тауқыметін, жаңа өмірге бет бұрысын қарапайым Қазақ қызының тағдыры арқылы кең көлемде көрсеткен туынды. Бұл шығарма туралы академик С. Қирабаев мынадай тұжырым жасағанды: «Қазақ романының алғашқы үлгілерінің бірі бола тұрса да, Жүсіпбектің бұл жанрдағы ізденісінде «Ақбілек» көрнекті орын алады. ...ол бұл шығармасында адам характерін тереңірек ашуға, кейіпкердің психологиялық жайларын толықтыруға көбірек көңіл бөлді. Жазушы суреткерлігі де артып, оның авторлық позициясы айқындала түсті. Сондықтан «Ақбілек» қазақ романының туу тарихында да, жазушы шығармашылығында да алғашқы кесек үлгі болып саналады» [3, 376 б.].

Ж.Аймауытовтың көркем прозадағы соңғы көлемді әрі табысты туындысының бірі — «Күнекейдің жазығы» повесі. Бұл революциядан бұрынғы Қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін көркем суреттеген, этнографиялық реңкі бар шығарма. Повестің тақырыбы — XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған шығармалардың көбіне ортақ әйел теңсіздігі.

Повестің басты кейіпкері Күнекей — еркіндік қасиетін ерте сезінген қыз. Ол — кедейдің қызы болса да, бойындағы барын ардақтай білген, адуынды шешіннің тәрбиесі

негізінде еркін өскен мінезді қыз. Шешесі Шекер мінезіндегі өжеттік бұған да сіңгендей. Анасының аялауынан өзіне ерекше нәр алатын Күнікей, ерте бастан ақыл тоқтатып, әрі құдай берген көркі, әрі алымды ақыл-парасатының арқасында өзін ешкімнен төмен санамай өседі. Бай қызы, құрбысы Шәмшінің ұзату тойындағы өзін-өзі ұстауы осының куәсі.

Осылай өскен, осылай тәрбиеленген Күнікейдің өзіне тең жар іздеуі жасырын болса да, жүрек түкпірінде пісіп-жетілгені анық. Ақыры ол жүрек аңсауын табады. Ол — сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің сұлтаны Байман. Етікші Тұяққа телінген тағдырына қарсы шыққан Күнікей сүйгені Байманмен бас қосады.

Күнекейдің өз сүйгеніне қосылу жолы оңай емес. Оған дейін қаншама зорлықты көреді. Жеңіл жүріске салмақ болған жеңге мазағы, зорлықшыл Қасым әрекеті, шешесінің етікті болуы, сол үшін Тұяққа қоспақ болуы, міне, осының бәрі — Күнекей тағдырына кесекөлденең тұрған қиындықтар. Бірақ Күнікей соның бәрін өз қайсарлығы мен өжеттілігі, табиғатындағы еркіндікке деген құштарлығы арқасында жеңіп шығады. Осы жандайлардан іштей ширығу нәтижесінде барып Күнікей характері қалыптасады.

Күнікейдің айттырған күйеуі жаман Тұяққа жар болар түні өз адалдығын сақтап, Байманға келуі, онымен тағдыр қосуы қыз табиғатындағы күрескерліктің белгісі.

Бірақ осы күрестің нәтижесі қандай?.. Жеңісі бар ма?.. Міне, оқырманды ойландыратын мәселе осы. Сөзі мен ісі бір адалдығы мен азаматтығы астасқандай Байманның соңына дейін солай болмауының себебі не?..

Повесть басында қараңғы үйде зарланып жататын Күнікейді бұл күйге ұшыратқан қандай құдірет? Тағдырын қолына ұстатқан адал жар қайда?... Автор өмір түйткілін осы тұстан іздейді. Жастық алауы мәңгілік емес, өмір өткелі сан тарау. Оның бәрінен оп-оңай өтіп кету — әйел баласы үшін өте қиын. Алдамшы өмірдің ащы дәмін татқан әйел тағдыры аса аянышты. Теңіне қосылғанды да талқыға салар тағдырдың тартуы аз емес...

Повестегі өзге кейіпкерлер, негізінен Күнікейге қатысты көрініп отырады. Мұндағы өзгелерден оқшау бір кейіпкер — Байман. Байман образы Күнікеймен өрістес дамиды. Алғашқы танысудан бастап, барлық оқиға ортақтаса өтеді. Байман — Күнікейге сай тұлға.

Жүсіпбектің «Күнікейдің жазығы» повесі — Қазақ тұрмысынан алынып, ұлттық болмыстың бар қасиетін аша отырып, уақыт шындығын танытқан шығарма. Басты тұлға өз бақыты үшін күресе білген азаттыққа жаны құштар қазақ қызы.

Жүсіпбек Аймауытов — дарынды суреткер ретінде Қазақ әдебиетінде көп жаңалық әкелген жазушы. Ол Қазақ прозасының биік көркемдік деңгейде дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оны жанрлық тұрғыдан байытты. «Қартқожа» талап деңгейінен шыққан алғашқы роман болса, «Ақбілек» кең масштабтағы реалистік романның көшбасы.

Жүсіпбек өз шығармаларында заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп, дәуір шындығын көркем бейнеледі. Оның шығармалары — Қазақ әдебиеті қорына қосылған мәңгілік мұралар.

Жүсіпбек Аймауытов шығармалары көркемдік жетістіктерімен ерекшеленіп отырады. Оның көркем шығармалары Қазақ әдебиетінің табысы.

1. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: «Фолиант». – 2004. – 304 б.

2. Тұрысбек Р. Ұлттық проза және «Ақбілек» әлемі. // Ақиқат. – 2010. – № 12. – 58-69 бб.

3. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. – 2007. – Т. 4. – 424 б.

\*\*\*

В статье рассматривается национально-освободительная идея в романах Ж. Аймауытова.

Проведен системный анализ, определена ведущая роль национально-освободительной идеи, ее функция и новаторское значение в творчестве писателя.

\*\*\*

The article discusses the idea of national liberation in the novels of J. Aymaulytov.

Systematical analysis is conducted, leading to the determination of primary role, multifaceted feature and innovative value of the idea of national liberation in J. Aymaulytov's works.